

Жол – көлік колледжі
Қамқоршылық кеңесінің кезекті мәжілісі

Хаттама № 2

26.05.2022ж. Шымкент

қаласы

Төраға: Х.А.Сарсенов

Хатшы: Ғ.С.Тажибекова

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, колледж директоры Ғ.Ү.Искакова және директор орынбасарлары

Күн тәртібі:

1. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасын іске асыру мақсатында жұмысшы кадрларды және орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз етуге, аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балалары және ауыл жастары - NEET санатындағы жастарды және мектеп бітіруші түлектерді колледжге тарту мәселесі
Жауапты: Ақпараттық технологиялар және қоғаммен байланыс бөлімінің меңгерушісі Е.Д.Тәліп
2. Колледждегі білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына сондай-ақ қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруға бөлінген қаржы мәселесі туралы
Жауапты: білім беру ұйымының әлеуметтік педагогі Ж.Қуанышбекова
3. Бюджеттік қаражаттың тиімді жұмсалуы мен ашықтығының қамтылуы жөнінде мәліметтермен танысу
Жауапты: Колледж директоры Ғ.Ү.Искакова
4. Колледждегі жұмысшы мамандықтары бойынша бітіруші студенттерге арналған WorldSkills тәсілі негізінде практикалық дағдыларын сапалы және кешенді бағалауға бағытталған демонстрациялық емтихандарды өткізуге дайындық мәселесі
Жауапты: ДООЖ орынбасары Е.Е.Абдираимов
5. Әр түрлі мәселелер.

1. Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов кеңестің мәжілісін ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша уақыт регламентін белгіледі және күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру ұйымының тарапынан қатысып отырған ақпараттық технологиялар және қоғаммен байланыс бөлімінің меңгерушісі Е.Д.Тәліпке сөз берді.

2. Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ақпараттық технологиялар және қоғаммен байланыс бөлімінің меңгерушісі Е.Д.Тәліп колледждің жұмыс жоспарына сәйкес, атқарылған жұмыстардың орындалу барысына тоқтала келе, 2022-2023 оқу жылына мектеп бітіруші талапкерлерді және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасын іске асыру мақсатында жұмысшы кадрларды және орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз етуге, аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балалары және ауыл жастары - NEET санатындағы жастарды колледж қабырғасына тарту мақсатында кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты. Жалпы кәсіптік бағдар беру — қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіпке қызығушылығын қалыптастыруға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесуде, мақсатты атқарылатын жұмыс екенін, кәсіптік бағдар беру жұмысы жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын қателеспей таңдауға мүмкіндік беретінін, бұған мектеп әкімшілігі тікелей ықпал етіп, тәрбие жұмысын ұйымдастырушылар, сынып жетекшілерімен қатар ата-аналар да қатысуы керектігін, көптеген

ата-аналар өз балаларының болашақ мамандығын таңдауда баласының білімін, қызығушылығын немесе таңдаған мамандығының еңбек нарығындағы сұранысын ескермей бағыт беретінін, сондықтан да мектептің ата-аналармен жұмыс жоспарында кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша әр түрлі шаралар орын алуы қажеттігін, ата-аналар жиналыстарында түрлі тренингтер, әлеуметтік сауалнамалар, әңгімелер, ұйымдастыру арқылы ата-аналардың балаларына кәсіби бағыт беру туралы көзқарасына, ұстанымдарына әсер етуге болатынын айта келе, осы бағытта колледжде жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша мәліметтер беріп өтті. Кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу мақсатында 2022 жылдың 23 мамыр күні – 255 оқушы, 24 мамыр күні 392 оқушы «Ашық есік» күніне қатысып, колледждің материалдық-техникалық базасымен танысқанын, қамтылған мектептер саны – 45, ал жалпы 647 оқушы ашық есік күніне қатысқанын айтып өтті. Сонымен қатар 2017 жылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім» жобасы бойынша жастарға алғашқы жұмысшы кәсібін тегін игеруге мүмкіндік берілгенін, жоба жұмысшы біліктілігі бойынша жергілікті бюджет пен «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында жүзеге асырылғанын, биылғы 1 қаңтардан бастап бұл бағдарлама өз маңызын жойғанмен, биылдан бастап «Максатты мемлекеттік тапсырыс» атты атаумен жаңа бағдарлама өз жұмысын бастағанын, бұл бойынша әр кәсіпорын өздеріне қажет мамандар саны бойынша тапсырыс беретінін, білім беру ұйымы келісім-шартқа тұрған кәсіпорын өздерінің берген тапсырыстары бойынша түскен студенттерді практикадан өткізіп, бітірген соң жұмыспен қамтитынын, бұл бағдарлама бойынша 20 мың грант бөлу жоспарланғанын, қазіргі таңда колледждің 17 әлеуметтік серіктесі тарапынан 100 орынға тапсырыс түсіп отырғанын айтып өтті. Сондай-ақ әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға арнайы квота енгізілгенін, көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін 5%, мәртебесі кемінде үш жыл толық емес отбасылар қатарындағы балаларға 1%, бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан талапкерлер мен бірінші және екінші топтағы мүгедектер үшін 1% квота қосылатынын, балдық көрсеткіш тең болған жағдайда квоталық санат және аттестаттың орташа балы ескерілетініне тоқталды.

1.1.Тыңдалды: Қамқоршылық кеңес мүшесі С.Тулеева бірінші мәселе, яғни кәсіби бағдар беру мәселесі бойынша білім беру ұйымының басшысы Гүлзат Үкібайқызының берген мәліметтерінен колледжде атқарылған жұмыстардың өте ауқымды екенін, кәсіби бағдар беру арқылы колледж қабырғасына талапкерлерді тарта отырып, әрі осындай білікті мамандар даярлап жатқан беделді оқу орнын кең көлемде таныстыруға болатынын айтып өтті.

2.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша білім беру ұйымының басшысы Г.У.Искакова бюджеттік қаражаттың тиімді жұмсалуды мен ашықтығының қамтылуы жөнінде мәліметтермен таныстырып өтті. Жалпы республикалық және жергілікті бюджеттен – 1 095 339,00 мың теңге бөлініп, жұмыспен қамту бағдарламасы есебінен – 32 489,00 мың теңге бөлініп, 2022 жылдың 27 мамыр күніне төмендегідей ерекшеліктер бойынша 429 703,00 мың теңге игерілгенін айтты.

111. Еңбек ақы – 185 633,00 мың теңге

113. Өтемақы төлемдері – 621,00 мың теңге

121. Әлеуметтік салық – 9 895,00 мың теңге

122. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар – 5 633,00 мың теңге

124. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар – 3 424,00 мың теңге

149. Өзге де қорларды сатып алуға (кеңсе тауарлары, шаруашылық тауарлары, спорт тауарлары, құрылыс материалдары) – 13 151,00 мың теңге

151. Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу(электр энергия, жылу және су мен көріз жүйесі) – 17 246,00 мың теңге

152. Байланыс қызметтеріне ақы төлеу (телефон және интернет) – 621,00 мың теңге

159. Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу (веб – порталды пайдалану бойынша қызметтер, қоқысты шығару үшін, күзет қызметі, дезинфекциялық залалсыздандыру үшін, дабыл нүктесін жалға алу, ІС ақпараттық жүйеде ілесу, техникалық қолдау бойынша қызметтер, бағдарламалық жасақты әкімшіліктендіру және оған техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер, бағдарламасына қызмет көрсету үшін жаңарту, жылу есептегіш құралдарына қызмет

көрсету және тексеруден өтеізу үшін, автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, өрт дабылқакқыштарын қызмет көрсету, өрт сөндіргіштерді толтыру үшін, кір жуу қызметі, автокөліктер мен қызметкерлерді сақтандыру қызметтері, оргтехникаларға қызмет көрсету, ақпараттық ресурстарға қол жетімділік қызметтері) – 5 114,00 мың теңге

169. Өзге де ағымдағы шығындар – (оқу – дала жиыны, көлік, жер, мүлік салықтары) - оқу – дала жиынына -2 120,00 мың теңге, салықтарға –493,00 мың теңге

322. Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер жол жүру төлем ақысы - 7 621,00 мың теңге ыстық тамақ, жетім және ата –анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекеттен киім – кешекпен қамтамасыз етуге әлеуметтік көмек – 41 711,00 мың теңге

324. Қосымша ақшалай төлемдер (шәкіртақы) – 136 420,00 мың теңге болғанын айта келе, алдағы жоспар бойынша атқарылатын жұмыстарға тоқталып өтті:

- 1.Жатақхана спорт алаңына ағымдағы жөндеу жүргізу – 25 483,00 мың теңге
- 2.Оқу ғимаратындағы әжетханаларға ағымдағы жөндеу жүргізу -19 082,00 мың теңге
- 3.Колледж кітапханасына алынатын оқулықтар - 1 504,00 мың теңге.

3.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе - колледждегі білім алушылардың жекелеген санаттағы амагтарына сондай-ақ қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін мектандыруға бөлінген қаржы мәселесі туралы колледждің әлеуметтік педагогі .Қуанышбекова сөз алып, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің әлшерін, көздері мен түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2012 ылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес, екінші жарты жылдыққа колледж бойынша еуметтік көмек қажет ететін оқушылардың тізімін жасақталғанын айтып, төмендегі өліметтермен арнайы слайд арқылы таныстырып өтті. 2021-2022 оқу жылы бойынша:

Оқушы саны	1451 оқушы	1375 оқушы
Құмысшы мамандығы бойынша	169 оқушы	167 оқушы
еспубликалық бюджет негізінде	1112 оқушы	1066 оқушы
қылы топтарда	170 оқушы	142 оқушы
ыз баласы	58 оқушы	58 оқушы

2021-2022 оқу жылы бойынша әлеуметтік көмек алатын оқушылар саны:

Әп балалы отбасынан шыққандар	526 оқушы	505 оқушы
қамтылған және толық емес отбасының шыққандар	63 оқушы	61 оқушы
тім балалар	20 оқушы	20 оқушы
қоршысы бар	17 оқушы	17 оқушы
с өспірімдер үйінде	2 оқушы	2 оқушы
тығы	609 оқушы	586 оқушы

Сонымен қатар қамқорлықтағы оқушылардың отбасылық және тұрмыс жағдайымен у мақсатында колледждің педагог-психологімен бірге тұрғылықты мекен-жайларына барып, еттік жағдайымен танысып қайтқандары жөнінде айтып өтті.

4.Тыңдалды: Колледждегі жұмысшы мамандықтары бойынша бітіруші студенттерге тан WorldSkills тәсілі негізінде практикалық дағдыларын сапалы және кешенді бағалауға талған демонстрациялық емтихандарды өткізуге дайындық мәселесі туралы колледж торының оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Е.Е.Абдираимов айтып өтті. «Білім ц барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту » Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604

бұйрығында: «Біліктілік емтихандары - әрбір біліктілік бойынша практикалық жұмыс немесе демонстрациялық емтихан нысанында ТЖКБ ұйымының оқу-өндірістік шеберханаларында, зертханаларында және оқу орталықтарында және/немесе кәсіпорындардың өндірістік алаңдарында өткізіледі» деп көрсетілгенін, сонымен қатар, "Білімді ұлт" сапалы білім беру" Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысының, 3-бағыты - Техникалық және кәсіптік білімінің, 4-міндеті негізінде колжетімді және сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету үшін ТЖКБ ұйымдарының оқу процесіне WorldSkills бағалау жүйесін енгізгенін, осыған сәйкес демонстрациялық емтихан тапсырушы топтар үшін емтихан срезесі әзірленгенін айта келе, биылғы оқу жылында жұмысшы біліктілікке не бітіруші топтарды (АЭ-211, АЭ 9-191, АЭ 9-192) атап өтті. Сондай-ақ демонстрациялық емтихан нақты қызметтер мен өндірістік процестерді модельдеу жағдайында практикалық дағдыларды, білім мен машықтың деңгейін көрсететінін және тәуелсіз сараптамалық бағалау процедурасын қарастыратынына тоқталып өтті.

5.Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар мен алға қойған мақсаттар негізінде барлық өткізілетін іс-шараларға үлкен жауапкершілікпен қарап, өткізу қажеттігіне тоқтала келе, кеңес жұмысы жыл бойы үздіксіз жүргізілетінін айтты.


Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде айтылған барлық мәселелер ескерілсін.
2. Білім беру ұйымы басшысының жасаған баяндамасы ескерілсін.
3. Колледжде кәсіби бағдар беру жұмыстары үздіксіз жалғастырылсын. *Жауапкершілік колледж басшысы Г.У.Искаковаға жүктелсін.*
4. Білім беру ұйымы әлеуметтік педагогі жасаған мәліметі негізінде әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуы мен тұрмыстық жағдайы үнемі бақылауға алынсын. *Жауапкершілік білім беру ұйымының басшысына жүктелсін.*
5. Білім алушылардың практикалық дағдыларын сапалы және кешенді бағалауға бағытталған демонстрациялық емтихандардың талапқа сай жүргізілуі қадағалансын. *Жауапкершілік білім беру ұйымының басшысына жүктелсін.*
6. Қамқоршылық кеңестің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар өз деңгейінде жүргізілсін. *Жауапкершілік Қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелеріне жүктелсін.*

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:


1. Аргынгазиев Бауыржан Батырғазыұлы
2. Қамбар Жани Сайдуллаұлы
3. Жүсіпбек Бағдат Жәнібекұлы
4. Баймұратов Мусирали Нуранбаевич
5. Тудеева Салтанат Амирхановна
6. Абусейтова Самал Бурхановна
7. Абдыхалилова Мукаддам Пардаевна
8. Дабылова Марал Алдабергенқызы

Мәжіліс төрағасы



Х.А.Сарсенов

Хатшы:



Г.С.Тажибекова